**Бекітемін:**
Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары: С.Мырзағалиева.

Қазан айының 1апта **(4. 10-8.10.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.**

**Өтпелі тақырыбы: «Қош келдің Алтын күз!» (Қазан айы - 1апта)**

**Апталық тақырыбы: «Қош келдің Алтын күз!»**

**Мақсаты:** күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, күрең күз – көкөніс, жемістер, астық өнімін жинау мезгілі

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 4.10.2021 | Сейсенбі 5.10.2021 | Сәрсенбі 6.10.2021 | Бейсенбі 7.10.2021 | Жұма 8.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. **(Бақылау)** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | | Қыскыштармен ойналатын ойын, баулармен ойындар **(бала үні, сыни ойлау)** | **Құрылымдалған ойын**: «Бауда әлде бақшада ма?» **(4К моделі-бала үні , сыни ойлау, коммуниктивтілік)** | **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Ұқсас затты топта» **(бала үні, сыни ойлау)** | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Ақ қоян» **(Бала үні, бақылау)** | «Маша мен аю» ертегісін айту. **(Бала үні, коммуникативтілік)** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)** | | | | |
| **Таңғы ас** | | Таңғы асқа бата береді.<br>Сұрасаң бата берейін,<br>Үстем болсын мерейің.<br>Ықыласпен қол жайсаң,<br>Ақ тілекті төгейін.<br>Дастарханың мол болсын,<br>Денсаулығың зор болсын<br>Қайда барсаң алдыңнан,<br>Жарқыраған жол болсын!<br>Үстел үстінде мәдениетті отыруға тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | | Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1)«Ұшты-Ұшты»<br>Құрылымдалған ойын 2) «Жер, су ,ауа»<br>*4К Моделі. (Сыни ойлау,бала үні,комуникативтілік)* | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған оқу қызметтері** | | **Дене шынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:«Қапшықты нысанаға лақтыру»**<br>**Мақсаты:**Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету.<br><br>**(Пән жетекшісі)**<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>**"Алтын күз"**<br>**С/Мақсат:**<br>күз маусымының алғашқы өзгерістері мен танысады. күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістердің<br>маңызы туралы түсініктері кеңейеді.<br>**Әдіс-тәсілі:** топқа бөлу,ашық сұрақтар қою, бақылау, бағалау, жұмбақ, ойын, АКТ мен жұмыс. | **Музыка**<br>**(Пән жетекшісі)**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»**<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Музыканы тыңдата отырып ішкі сезімдерін ояту.<br>**Ән тыңдау:**<br>«Күз» Қ.Шілдебаев **Ән айту:**<br>«Не әкелді күз бізге?»<br>**Әуенді ырғақты-қимыл, ойын:**<br>«Қолшатырға тығыламыз»<br>Қимылды ойын<br>**(Пән жетекшісі)**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**2.Тақырыбы:**«Домалайық»<br>**Мақсаты:**Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып тұрып | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Тышқандар»**<br>**Мақсаты:**Қос аяқпен секіруді (аяқ бірге,аяқ алшақ) үйрету.Сап тізбекке бір-бірден тұру;секіру (аяқ бірге,аяқ алшақ) қимылдарын бекіту.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күз жомарт»**<br>**Е. Өтетілеуұлы**<br>**С/Мақсат**: Күз келгенде қандай өзгерістердің болатынын біледі. Жеміс жидектердің өсетінін әңгімелеп, ажыратады.<br>Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бақылау, бағалау,өлеңді мәнерлеп айту, АКТ мен жұмыс.<br>Ресурстар:Ағаштар жапырақтар , суреттер, Жапсырмалы суреттер,<br>**Күтілетін нәтиже:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды | Сурет салу<br>**Тақырыбы «Бұлт күнді жапты»**<br>**Мақсаты:**Балаларды табиғат құбылыстары ерікшелігін бақылау. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың жапқан суретін доңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру.<br>**(Пән жетекшісі)**<br><br>**Көркем әдиебет**<br>**Тақырыбы «Қияр мен қырыққабат »**<br>**Ертегісі**<br>**С/Мақсаты:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі, қарапайым тәсілдерін қолданады және сахналайды.<br>Әдіс-тәсілі: рөлге бөліп ойнау , сұрақтар қою, жұмбақ,бақылау, бағалау,ойын, АКТ мен жұмыс.<br>Ресурстар:қияр мен қырыққабат киімі, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы: «Шеңбер. Үлкен - кіші»**<br>**Мақсаты**: жаңа геометриялық пішінмен – шеңбермен таныстыру. балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйренеді. шеңбер;шеңбердің түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсінеді.<br>**Ресурстар**:атрибуттар Доптар,ленталар,алмалы салмалы заттар,геометриялық пішіндер. үлкен шаршысы немесе шенбері бар үш тәрелке.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>Түсіндіру,сұрақ жауап,ойын ойнау, топқа бөлу, бағалау, лулий шеңбері әдісі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>геометриялық пішіндерді таниды және атайды. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ресурстар:Күзгі табиғаттың А3 форматта суреттері, Макет ағаш, жапырақтар үлестірмелі материалдар.<br>**Күтілетін нәтиже:** табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды.<br>Шаттық шеңбері:<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>Қайырлы күн достарым!<br>Жұмбақ жасыру:<br>Жиын-терін болатын<br>Қамбаға астық толатын<br>«Қызыл қырман» ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Сұрақ – жауап айдары: - -Бір жылда неше жыл мезгілі бар?<br>- Қалай атаймыз?<br>Жылдың қай мезгіліне келіп жеттік? | домалату дағдыларын дамыту сап түзеп шеңберге шеңберден сапқа ауысу<br>**(Пән жетекшісі)** | анық айтады.<br>Шаттық шеңбері:<br>Армысың алтын күн!<br>Армысың Жер Ана!<br>Армысыңдар достарым,<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>Топқа бөлу: күздегі жемістердің суреті арқылы топ басшысын сайлау.**Командалық жұмыс .**Жеміс жидектерді кәрзеңкеге орналастыру.<br>Күз жомарт әнін жаттау.<br>Тоңазып атырап,<br>Көк жеміс піседі.<br>Сарғайып жапырақ,<br>Саудырап түседі.<br>«**Күз жомарт**», -дейміз біз,<br>Жемісін жейміз біз. -**Жомарт күз** деп – жемістердің пісетін, астық жиналып, жиын-терін болатын кезді айтамыз. Сөздік жұмыс. -Тоңазып сөзі- тоңу, суық деген мағынаны білдіреді.<br>Саудырап- деген жапырақтардың | атрибуттары , смайликтер, көкөніс қияр, қырыққабат<br>**Күтілетін нәтиже: таныс ертегілерді сахналауға қатысады.**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қабат – қабат тоны бар,<br>Аласа ғана бойы бар(қырыққабат)<br>**құрылымдалған ойын. «Сыйқырлы қорап» ойынын ұйымдастыру**<br>Ойын мақсаты: көкөніс аттарын қайталату<br>Шарты:<br>Қораптан көкөністерді қолға ұстап, сипап тұрып не ұстап тұрғанын айтады.<br>Ертегімен таныстыру<br>Ертеде қияр мен қырыққабат қол ұстасқан дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенге келіпті. Келген бетте қияр шешініп, суға күмп беріпті де, жүзе бастапты. Қырыққабат бір-бірлеп, қабат-қабат «көйлегін» шешкенше күн де батып, қас қарайыпы. Осыған дейін су ішінде қалшылдап тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабағындағы бүршіктер, міне, содан пайда болыпты.<br>Ертегіні талдау:<br>-Ертегі не туралы?<br>-Қияр не істеді?<br>-Қиярдың іс – әрекеті дұрыс | Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз ерекше баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламын<br>Қайырлы таң балалар!<br>Өте жақсы<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар мынау не?<br>- Ал тағы не көріп отырсыңдар?<br>Тосын сәт:<br>Күлдіргіш амандасады.<br>- Маған сендердің көмектерін керек. Мен санау білмеймін.<br>Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?<br>Күлдіргіш:<br>- Рахмет, балалар,<br>- Күлдіргіш, сен отырып біздің балалар не біледі екенін көріп, есіне сақтайсың.<br>Тақтадағы суреттер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | -Күз неше ай конақта болады?<br>Күз айларын атайықшы?<br>- Күз ерекшелігі қандай?<br>Балалардан жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атайды.<br>.Слайд арқылы жылдың қай мезгілі екенін айтып кету. 2-слайд Күз мезгілінің ерекшеліктерін атап кету. 1.Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көп егін. Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін 2.Алтын-сары,қызыл-көк, Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.<br>.Көзге арналған жаттығу.<br>Жапырақтар қай жаққа ұшса,сонда қарау.<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бақшада ма, бауда ма?»<br>Дем алу жаттығуы: Ыдыстардағы сарымсақ пен жуаны иіскеп, ажырату. Сергіту жаттығуы: ән: «Күзгі бақ» Күз ханшайымы келеді. №6-слайд. «Не артық?» Күз ханшайымының тосын сыйы.Өнерлі балаларға | | сарғайып, қурап, жерге түсуін айтады.<br>Билингвальді компанент<br>: **Жомарт күз-** щедрая осень<br><br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін **ойын: «Табиғат мейірімді ». Шарты:** Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.<br>-Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол ......( көкөністер мен жемістерді өсіреді).<br><br>-Күн мейірімді ,өйткені ол ......( жарығын, жылуын береді).**(сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік)**<br><br>**Сергіту сәті:**( баяу музыка орындалады)<br>Тәрбиеші: : Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды,жел соғады,ағаштар тербеледі, жапырақтар | па?<br>-Неге ол досы қырыққабатқа көмектеспеді?<br>-Қиярдың бүрі неден қалған екен?<br>**(сыни ойлау, бақылау)**<br>Қолға алып шарды<br>Үрлеймін мен былай<br>Уф-ф-ф<br>Үрлеймін деп қатты<br>Жарып алдым шарды.<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетінің жағымды жақтарын өздеріне үлгі алуға білу керектігін айтамын.<br>Достыққа деген адалдық қасиетті игереді.<br><br>Бағалау: Смайликтер арқылы «көңіл күй» айнасына орналастыру | бойынша жұмыс. апсырма бойынша балаларға сұрақ қою. -Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? -Бір-бірден салынған заттың аты қандай? -Бір-бірден салынған заттарды бояп шығындар. Тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші)салыстыру.<br>«Шеңберді тап»ойыны<br>Шарты: көптеген пішіндер арасынан шеңберді тауып бояу.<br><br>Сергіту:<br>- Кәне серігіп ойнайық:<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br><br>- Балалар, рақмет, сау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сиқырлы жапырағын ала келген. Сиқырлы сурет салып үйреткенім жөн болар. (Жапырақтар береді)<br><br>Сергіту сәтін музыкамен орындау.<br>***(4К моделі-ойын, бақылау, бала үні)***<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: Күз сыйы»**<br>**С/Мақсат:**<br>Жапырақтардың түсінің өзгеруі,жемістердің пісуі туралы ой-өрістері дамиды.Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінігі қалыптасады.<br><br>**Әдіс-тәсілі:**<br>Ойындар, топқа бөлк, командамен жұмыс , бағалау, сұрақтар айдары, жұмбақ<br>Ресурстар: күзгі ағаштар, жемістер, | | жерге қалықтап түседі.Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады.Тук,тук,тук (дыбыс шығару).Күн жарқырап шықты , біз қуанамыз!<br><br>**(бала үні, ойын)** | | болыңдар. Мен көп нәрсе үйрендім сендерден.<br>Күлдіргіш кетеді.<br>- Ал біз, балалар, жұмысымызды жалғастырайық.<br>- Қанша қызыл үшбұрыш,<br>ал қанша көк?<br>Дөңгелектер қанша?<br><br>Алдарындағы карточкаларымен жұмыс жасайық. Бірнеше балалардың жұмыстарын салыстыру.<br><br>Бір шар,көп шар<br><br><br><br>**Сергіту минуты.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кәрзеңке.<br>**Күтілетін нәтиже:** заттардың сапасы мен қасиеттерін сипау, дәмін тату және есту арқылы таниды.<br>**Сиқырлы сәт:** «Ғажайып қалта».Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ғажайып қалта» ойынын ойнау. Шарты: Қалтада көкөністер мен жемістер болады. Балаларға көкөністер мен жемістерді бір-бірлеп алғызады. Аттарын айтқызып көкөніс не жеміс екенін ажыратып беруді сұрайды. «Қандай?» деген сұраққа жауап берулерін күтеді. Олардың үлкен – кішкентай, тәтті – ащы екенін, түстерін және қайда өсетінін айтады, сөз | | | | Бір дегенде-тік тұрамыз!<br>Екі дегенде-екі рет айналамыз.<br>Үш дегенде-үш рет секіреміз.<br>Төрт дегенде-отырамыз.<br><br>Балаларды бағалау.<br>Суретке қарап,заттарды атайды:доп, дөңгелек айна -шеңберге ұқсайды. Балалар суретегі шеңберлерді бояйды.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>-Атайды.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: "Ару күз"**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Ән тыңдау:«Орман шуы» (К.Қуатбаев)Ән айту:«Күз келгенде»Ж.Қалжанова Муз – ырғақтықимыл: «Шөжелерім»(Г.Гусейнли) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді.<br>Сұрақтар:<br>Алма жеміспе әлде көкеніспе?<br>Дәмі қандай?<br>Түсі қандай?<br>Ойын жалғасады.<br>**Дыбыстық жаттығу жасату.** Ті-ті- тәтті.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолымызды көтеріп<br>Алма ағашындай жайқалып ,<br>Әдемі болып өсеміз.<br>1.**Педагог жетекшілігмен жүргізілетін ойын:**<br>«Кім жылдам?» ойыны.<br>Шарты: Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді жинайды. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді. Кім көп, тез жинаса сол жеңеді.<br>Сергіту сәті. Күлім | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қағып қолымды 1,2,3 деп соғайын Қарап тұрған көршіме Қолымды мен бұлғайын Жылы –жылы сөзбенен Жүрегіне сыйлайын .<br>**(4К моделі. Бала үні, ойын)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау. | | | | |
| **Серуен** | | Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту.<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1)«Ұшақтар»<br>2)«Құстың қауырсыны кімге барады»<br>3) «Күн мен жаңбыр» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | | Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:<br>1) «Автобус»<br>2)«Ұйқыдағы аю» | Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:<br>1) «Жоғарыда-төменде»<br>2) «Дүкенші» | «Қызыл,сары,сап-сары» тақпағын жатқа айту.<br>Жеке-жеке айту. | Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау.<br>«Қияр мен қырыққабат» | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:<br>Д/о:«Бұл қай кезде болады?»<br><br>«Заттар қандай фигураға ұқсайды»ойыны.** |

**Бекітемін:**

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары: С.Мырзағалиева.

Қазан айының 3апта **(18. 10-22.10.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.**

**Өтпелі тақырыбы: «Қош келдің Алтын кү**

**Апталық тақырыбы: «Ас атасы – нан»**

**Мақсаты:** балаларға нан туралы түсінік беру: тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, астықтың өсуі туралы, нанды пісіру процесі, тоқаш-нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы блімдерін қалыптастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 18.10.2021 | Сейсенбі 19.10.2021 | Сәрсенбі 20.10.2021 | Бейсенбі 21.10.2021 | Жұма 22.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | | Суреттермен әңгіме. ( сыни ойлау, коммуникативтілік) | Педагог жетекшілігімен ойын: «Бауда әлде бақшада ма?» | Құрылымдалған ойын: «Ұқсас затты топта» | Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ақ қоян» | «Маша мен аю» ертегісін айту. (коммуникативтілік, бала үні) |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | **09.00-09.15** | Ойын-тренинг: «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Ойлау қабілетін арттыру.Жақсы қасиетке қол шапалақтау. *(4К Моделі.)* | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған оқу қызметтері** | **9.15 – 9.35** | **Дене шынықтыру Негізгі қимыл:«Жұптасып саптізбекте жүру. Биіктіктен секіру.» С/Мақсаты:**Саптізбекте екі екіден, төрт төрттен жұптасып жүруге үйренеді. Тапсырманы | **Музыка Тақырыбы: "Дастаркан көркі-нан"** музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілеті артады . Ән тыңдау: «Мен тәртіпті баламын» А.Акжігітов Ән айту: | **Дене шынықтыру** :«Ас адамның арқауы» **Мақсаты:** сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүре алады. Сапқа өз еріктерімен тұрып бөрененің үстімен сенімді жүреді. **(Пән жетекшісі)** | **Көркем әдиебет Тақырыбы: «Алтын дән» Қ.Ахметова С/Мақсат:** Астық жинау науқаны туралы түсінік қалыптасады. Өз ойын айта біледі, сұраққа толық жауап береді. Диқанның еңбегін бағалайды. | **Математика негіздері Тақырыбы: «Түн. Шеңбер» С/Мақсат**: тәулік бөлігі – «түн» ұғымымен танысады, топ бөлмесінен шеңбер пішіндес заттарды көзімен іздеп таба алу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | орындайды.<br>Жаратылыстану<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары»**<br>**С/Мақсат**: үй жануарлары туралы білімдері кеңейеді. .Олардың сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен танысады.<br>Әдіс-тәсілі:ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу,ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс.<br><br>Ресурстар:суреттер, лэпбук, үй жануарларының жұмсақ ойыншықтары.<br>Күтілетін нәтиже: қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады<br>Шаттық шеңбері:<br>Күнім күліп арайлы,<br>Терезомнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>Ашық сұрақтар: | «Дастарқан»<br>Балалар әні<br>Музыкалық ырғақты қимыл:<br>«Биге шақыру»<br>(А.Тоқсанбаев)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Т/бы :«Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру.Нысанаға дәлдеп лақтыру.»**<br>**С/Мақсаты:**Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей алу қабілеті дамиды. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттығады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: **"Еркежан әжей нан пісірді атты суреттер сериясын әңгімелеу"**<br>**С/ Мақсат:** нан туралы қарапайым ұғымы қалыптасты, ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап бере алады.<br><br>**Әдіс-тәсілі:** сұрақтар қою, бақылау, сурет бойынша әңгімелеу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, мақтау,бағалау,ойын, АКТ мен жұмыс.<br>**Ресурстар:**суреттер, Жапсырмалы суреттер, атрибуттар, мазмұнды суреттер.<br>**Күтілетін нәтиже:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады.<br>Шаттық шеңбері:<br>Көтеріліп шаңырақ<br>Уықтары шаншылар<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер<br>Бәріміз жүрсек айналып, | Әдіс-тәсілдер: ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу,ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**шағын тақпақтарды жатқа оқиды.<br><br>Күләш Ділдәқызы Ахметова ақын. 1946 жылы 25 сәуірде Қырғызстанда дүниеге келген. Өлеңді мәнерлеп оқу.<br><br>Алтын дән<br><br>Жатыр дала жалтылдап,<br><br>Жаз шуағын мол құйды.<br><br>Күн астында алтын дән<br>Тербеледі, толқиды.<br>Толықсыған тасқындай<br>Көкжиекпен ұштасып,<br>Күн астында ақ бидай<br>Билейді қол ұстасып.<br>Сөздік жұмысы: - Балалар, егін өсіп, пісіп жетілгенде сап – сары болып тұрады,<br><br>Сұрақ – жауап арқылы | білігі дамиды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>Түсіндіру,сұрақ жауап,ойын ойнау, топқа бөлу, бағалау, лулий шеңбері әдісі<br>**Ресурстар:**атрибуттар ,Доптар,ленталар,алмалы салмалы заттар,геометриялық пішіндер.Ойыншықтар<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз ерекше баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламын<br>Қайырлы таң балалар!<br>–Суретте не бейнеленген?<br>–Балалар не істеп жатыр?<br>– Бұл тәуліктің қай мезгілінде болады<br>Қандай домалақ заттарды білесің? - Шеңберге ұқсас заттарды атаңдар. – Олар қандай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - үй жануарларына нелер жататынын білесіңдер ме?<br>- Ал қандай жануарлар жатады, қанеки атаңдаршы! - Дұрыс айтасыңдар, балалар! Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды үй жануарлары деп атайды?<br><br>- не үшін адамдар жануарларға жем-шөптерін дайындап береді? Оларды үйде ме, әлде үйдің жанында тұра ма? жылқы, сиыр, түйе, қой, ит, мысық, тауық.<br><br>-Олар адамның жанында өмір сүреді ме? Үйде, үйдің жанында.<br><br>- Қой, сиыр, жылқы, түйе, тауық үйдің жанында қорада өмір сүреді. | | Киіз болып көрінер<br>-Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық? Сурет-1.<br>Ашық сұрақтар<br>-Суретте кімді көріп тұрсыңдар?<br>-Әжейдің қолында не бар?<br>-Қасық неден жасалған?<br>-Нанды қалай пісіреді деп ойлайсыңдар?<br>-Ыдыстың ішінде не бар?<br><br>-Еркежан әжей сүт құйылған мөлдір ыдысты ұстап тұр. Көгалда әжейдің арғы жағында сиыр тұр. - Еркежан әжей Таң атпай тұрды, Таң атпай тұрды, Сиырын сауды.<br>- Еркежан әжей (шапалақтау) Таң атпай тұрды, (қолдарды жан-жаққа созу, керілу) Таң атпай тұрды, Сиырын сауды. (алақан саусақтарын ашып-жұму) Еркежан әжей | әңгімелеу.<br><br>- Осы оқыған өлең шумақтарында не жайлы айтылған? - Өлеңді кім жазған? - Сендерге өлең ұнады ма? - «Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?<br><br>**Сергіту сәті**(видео арқылы)<br><br>Сурет салу<br>**Тақырыбы:«Алтын күз»**<br>**Мақсаты:** күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін біледі..Күзгі жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйренеді. .<br>**(пән жетекшісі)** | геометриялық фигураға ұқсайды?<br>Билингвальды компоненттер: түн – ночь, шеңбер – круг<br>**Музыка**<br>**Т\бы :"Дастаркан көркі-нан"**<br>музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін артады. Ән тыңдау:<br>«Мен тәртіпті баламын»<br>А.Ақжігітов<br>Ән айту:<br>«Дастаркан»<br>Балалар әні<br>Музыкалық ырғақты қимыл:<br>«Биге шақыру»<br>(А.Тоқсанбаев)<br><br>**(пән жетекшісі)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - Ал мысық? Ит? - Үй жағдайында ұстайтын, оларға адамдар қамқорлық жасайтын ол – үй жануарлары.<br>Төлдердің аттарын атау: Түйенің төлі-ботақан. Қойдың төлі-қозы. Ешкінің төлі-лақ. Жылқының төлі-құлын. Сиырдың төлі-бұзау. Мысықтың баласы - марғау Иттің баласы- күшік .<br><br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Не қалай дыбыстайды» Қой маңырайды, Сиыр мөңірейді ,Жылқы кісінейді.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Адаспай тап». Ойын шарты: Сурет бойынша төлдерді өз енелеріне сызықпен | | (шапалақтау)<br>**(Бала үні, коммуникативтілік)**<br>Нан қамырын иледі, (жұдырықтарды өзара кеуде алдында айналдыру) Нан қамырын иледі, Ыдысқа салды. (екі алақанды, жоғарыға көрсетіп ашып-жаю) Еркежан әжей (шапалақтау) Тоқаш пісірді, (екі алақанды ашып, бірінің үстіне бірін айқастырып қағу, қимылды кезегімен алмастырып тұру) Тоқаш пісірді, Ұнтақты септі. (екі алақандарды босатып, саусақтармен төмен сілку)<br><br>-Еркежан әжей қалада тұра ма?<br>- Қамыр илегенде, не қосты?<br>-Нанның қамырын қайда салды?<br>**(4К моделі)**<br>-Еркежан әжей нанды пештен неге алып шықты? | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қосады, сәйкестендіреді.<br><br>**(Бағалау,4К моделі, саралау) .**<br><br>**Бағалау: «Көңіл-күй айнасы» .**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі дала"<br>**С/Мақсат:** күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктері кеңейеді. Адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдері қалыптасады.<br>Әдіс-тәсілі:ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу,ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс.<br><br>Ресурстар:суреттер, табиғатқа | | Нанды жерге тастауға болмайды. Нанды аяқпен басуға болмайды.<br>Бағалау. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байланысты кітапшалар, қолшатыр, қалпақ, жапырақтар, кірпі, атрибуттар.<br>Шаттық шеңбері:<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Қайырлы күн, қайырлы күн достарым!<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:<br>**«Табиғат түрлерін түс арқылы белгіле»**<br>Тірі табиғатқа жататын заттарды қара қарындашпен дөңгелек етіп қорша.<br>Ой қозғау: «Дұрыс па қате ме?» ойыны<br>Дұрыс болса қол шапалақтаймыз, қате болса отырып қаламыз.<br>Жазда күн суық болады? | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сиыр үй жануары?<br>Күзде жапырақтар сары түске боялады?<br>Өсімдіктер өлі табиғатқа жатады?<br>Күз мезгілінің үш айы бар?<br>Банан дөңгелек пішін? Қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Күз» өлеңінде күзгі құбылыстарды былай сипаттаған екен.<br>Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,<br>Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.<br>Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,<br>Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.<br>-неге күзді «Жомарт күз» деп атайды?<br>**(Топқа бөлу, бақылау, бағалау,4К моделі, бала үні)**<br>Қорытынды<br>**Бағалау** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау. | | | | |
| **Серуен** | | №29 **Тікұшаққа бақылау**<br><br>**(бала үні, бақылау,деректерді тіркеу, қадағалау)** | №30 **Көгершіндерді (кептерлерді) бақылау**<br><br>**(бала үні, ойын, деректерді тіркеу)** | №31 **Қара ағашты бақылау.**<br><br>**(4К моделі)** | №32 **Күзгі киімді бақылау.**<br><br>**(бақылау,деректерді тіркеу)** | №33 **Алғашқы аязды күнді бақылау.**<br><br>**(бақылау,деректерді тіркеу)** |
| **Серуеннен оралу** | | Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>1) «Ұйқыдағы аю»<br>2) «Автобус»<br>(4К моделі) | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>1) «Жоғарыда-төменде»<br>2) «Дүкенші» | «Күз» әнін жаттау және жеке орындау. | Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау.<br>«Шалқан»<br>(4К моделі) | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>Д/о:«Бұл қай кезде болады?»<br><br>«Заттар қандай фигураға ұқсайды»ойыны.<br>(Бала үні, сыни ойлау) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Нұрбектің ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Сурет салу** | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Алинұрға түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Алинұрға түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Алинұрға түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Айбекке суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.<br>**Сурет салу** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу.<br>**Тұтас бала бейнесі** | Ата-анамен пікірлесу. Үйде ойнайтын ойыншықтары туралы сұрау.<br>**Тұтас бала бейнесі** | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.<br>**Тұтас бала бейнесі** | Балабақша әнін үйден жаттауды тапсырма етіп беру.Алтын күз ертеңгілігіне киетін | Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жақсы демалыс болуына тілек білдіру.<br>**Тұтас бала бейнесі** |